ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 1 желтоқсан №5265-25-00-2/4037 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.К.Кенжебаева оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "Береке" Серікбекова Еңлік Ермекқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер "Береке" Серікбекова Еңлік Ермекқызын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануталралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "Береке" Серікбекова Еңлік Ермекқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "Береке" Серікбекова Еңлік Ермекқызынан мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыппұл 51 365 (елу бір мың үш жүз алпыс бес) теңге 09 тиын және мемлекеттік баж 3 506 (үш мың бес жүз алты) теңге 95 тиын өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті

Департамент по чрезвычайным ситуациям города Шымкент МЧС РК\Байсерова А.Б.

түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішіндеШымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Департамент по чрезвычайным ситуациям города Шымкента МЧС РК\АБайсариева А.Б.

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 01.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.01.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 18.01.2026